

**«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК  
жиналысының №1 ХАТТАМАСЫ**

**Шымкент қаласы**

**17 наурыз 2025 жыл**

**Қатысқандар:** №2 Облыстық перинаталдық орталығының басшысы Э.А.Кожаметова, кадрлар бөлімінің маманы Д.Е.Байкошкарлова және бөлім меңгерушілері, дәрігерлер, орта және кіші медициналық қызметкерлер.

**Күн тәртібі:** Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы, ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық Кодексі және ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексін түсіндіру.

Жиналыс барысында «№2ОПО» кадрлар бөлімінің маманы әрі комплаенс офицері қызметін қоса атқарушы Д.Байкошкарлова жиналысқа қатысушыларды Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы, ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық Кодексі және ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің талаптарын түсіндіріп өтті.

ҚР Қылмыстық кодексінің 15-тарауында «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық пен өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» жазылған. Осы тараудағы жиі кездесетін сыбайлас жемқорлық қылмыстар, атап айтқанда 189-бап (сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу), 190-бап (алаяқтық), 218-бап (қылмыстық жолмен алынған ақшаны және өзге мүлікті заңдастыру), 249-бап (рейдерлік), 361-бап (лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану), 362-бап (билікті немесе лауазымдық өкілеттілікті асыра пайдалану), 364-бап (кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу), 365-бап (заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау), 366-бап (пара алу), 367-бап (пара беру), 368-бап (парақорлыққа делдал болу), 369-бап (қызметтік жалғандық жасау), 370-бап (қызметтегі әрекетсіздік), 450-бап (билікті теріс пайдалану), 451-бап (билікті асыра пайдалану), 452-бап (биліктің әрекетсіздігі) сынды қылмыстарға ерекше тоқталып, олар кеңінен түсіндірілді. Жалпы сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін жауапкершілік жылдан-жылға күшейтіліп келе жатқандығы, мұндай қылмыс жасағандар тек мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында қандай да бір жұмысқа, тіпті

карауыл, тазалықшы сында арнайы білім мен біліктілікті қажет етпейтін жұмысқа да тұра алмайтындығын ерекше атап өтілді.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 34-тарауында «Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар» баяндалған. Аталған тараудағы әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жеке-жеке тоқталып, әрбір бабы бойынша түсіндірме берілді.

Соңында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әсіресе квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері бойынша толық түсіндіру жүргізілді.

Жиналыс соңында қатысушылардың сұрақтарына жауап берілді.

Жиналыс төрайымы

Э.А.Кожаметова

Жиналыс хатшысы

Д.Е.Байкошкарова

